

Г.Қ. Маликова  
Е. Жуматаева

Торайғыров университет, Павлодар, Қазақстан  
(E-mail: malikova2601@mail.ru, engilika\_zhumataeva@mail.ru)

## Жоғары оқу орнының білім мазмұнында этникалық компоненттерді игертудің мультимедиалық технологиялары

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жоғары оқу орнының білім мазмұнында студенттерге этникалық компоненттерді игертудің тірек көзі ретінде алынған – мультимедиалық технология мәселесі қарастырылды. Мультимедиа, видеоконтент ұғымына анықтама берілді. Аталған тақырыпты зерттеген ғалымдардың еңбектері жіктелді. Студенттердің, жеке адамның ойлау өнерін меңгеруінің, жеткіншек көзқарасын кеңейтудің құралы ретінде қолданылатын мультимедиалық технология жүйесі жан-жақты қарастырылды. Зерттеу тақырыбының ғылыми болжамы жасалып, мақсат, міндеттері айқындалды.

Тұлға қалыптасуына оның өскен ортасының әсерінің қаншалықты ықпал ететіні зерделенді. Киелі жерлер, жерұйық жайлы қарастырылған ғылыми еңбектердің мәнділігі түзіліп, кейбірі кесте, матрица, суретпен ұсынылды. «Жерұйық» концепциясы зерделеніп, құт, бақ әкелетін қасиеті анықталып, феномені сараланып, оның «Мәңгілік Ел» болуына қозғаушы күш екені анықталды.

Жалпы республикалық, Павлодар облыстық, аудандық соқралды география тізіміне енген объектілердің тарихы зерттеліп 70 нысанның бейнесі педагогика және психология мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттер мен жалпы республика көрермендеріне ұсынылды. Бұл біздің зерттеу еңбегімізде айқындаған этникалық компоненттің бірі – территория ұғымына сәйкес келеді. Аталған объектілерді тарихи, этнонимдік, топонимдік, антологиялық ерекшеліктерін саралай келе, оның этникалық компонент қатарында тұру себебін дәлелдедік.

Жоғары оқу орнының білім мазмұнына этникалық компоненттерді енгізудің ең тиімді тетігі - мультимедиалық технология екенін сараладық. Себебі, видеоөнім бұл күні ең маңызды әлеуметтік құрал болып отыр. Аталған жүйе - студенттердің назарын аудартып, оларға этникалық компоненттерді оңай сіңіреді. Бұл тұрғыда мультимедиалық тәсілдің жоғары оқу орны студенттеріне ғана емес, жалпы көрерменге әсері зор екені анықталды. Олардың видеоконтенттен алған ақпараты арқылы көзқарастары кеңейіп, сана-сезіміне, ой-өрісіне әсер етті. Ол студенттерге жасаған тәжірибелік жұмыс және «Гүлсара Маликова» You Tube каналындағы бағдарлама рейтингісі бойынша дәлелденді. Қоғамға тың леп әкелген жаңашылдықтардың педагогика саласына әсер етіп, өзгеріс енгізуі тиіс екендігі сараланды.

**Түйін сөздер:** Этникалық компонент, білім мазмұны, мультимедиалық технология, соқралды география, видеоконтент, территория, жерұйық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-14-4-173-186>

## Кіріспе

Қоғамның қай саласында болсын мультимедиялық технологиялар соңғы он жылда қарқынды қолданылуда. Алайда, жоғары оқу орнының білім мазмұнындағы этникалық компоненттерді игертуде мультимедиялық технологияларды пайдалану, оны зерделеу педагогика ғылымында кенже қалып отырған бағыт. Оған зерттеу жұмысы барысында көз жеткіздік. Көпшілік еңбектерде педагогика, этнопедагогика нысандары жалпылама, ішінара тереңдете қарастырылғанмен біз бағыт етіп алып отырған салаға отандық ғылымда түрен салынбаған. Мультимедияға қатысты тұңғыш зерттеулер жасап, оның заман келбетіне айналғанынан айтқан шетелдік ғалымдар Р.Бурнет, А.Брунстром, А.Нилсон [1]. Замануи ғылымның жаңа тенденциясы ретінде енген мультимедиялық технология студенттердің дәстүрлі оқуындағы мәтіндерді визуалдау құралымен толықтырады. АҚШ зерттеушісі С.Джейкобсон мультимедияның адамның қабылдау қабілетіне, психологиясына әсері зор екенін анықтаған [2]. Американың тағы бір зерттеушісі Д.Гилмор цифрлану заманында кез-келген адам өз медиасын дүниеге әкеліп, дамыта алатынын дәйектеді. [3].

Келешек педагог мамандарды даярлауда тың тәсілдерді пайдалану, білім мазмұнына этникалық компоненттерді енгізу кезек күттірмейді. Қазақстан Республикасы экономикасын түбегейлі және жаңа даму жолына көшіруге жағдай жасауды іске асыру мақсатында ел үкіметінің «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бар. Аталған жобаның міндеті де жоғары білім берудегі цифрлық сауаттылықты арттыру болып табылуы да зерттеу еңбегіміздің ғылымдағы заманауи қадамдардың бірі екеніне дәлел. Сондай-ақ, аталған мультимедиялық технологияның деңгейімен берілген сабақтың қабылдануы және қорытылуы тезірек. Осы тұрғыдан келгенде студенттердің кәсіби сапасын ойлау өнерімен алға ілгерілетуде мультимедия технологияларының мүмкіндігін барынша пайдаланудың педагогикалық шарттарын қарастыру көкейкесті мәселелердің қатарына жатады.

Студенттерді оқытуда мультимедия технологияларды қолдану мәселесі бойынша отандық, алыс және жақын шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау барысында аталған тақырыпқа жақын бағытты қарастырған ғалымдардың еңбектеріне атлау жасау үдерісінде оның тақырыптық жіктемесін ұсынып отырмыз:

Білім-ғылым саласында компьютерлерді қолданудың алғашқы дәуірінің теориясы мен тәжірибесі бағдарламасының негізін салушы американдық дидактик, психологтар Н. Краудер, Б. Скиннер, С. Пресси.

Оқытуда компьютерлік технологияларды қолдану мәселесі В.П. Беспалько, А.И. Кузнецов, Г.К. Селевко және т.б. еңбектерінде ұсынылды.

Компьютерлерді қолданудың психология-педагогикалық мәселелері Е.И. Машбиц, В.В. Рубцов, Н.Ф. Талызина, О.К. Тихомиров және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған.

Техникалық құралдарды қолданудың ортақ әдістемелік аспектілері, әсіресе, компьютерлік және олардың педагогикалық тиімділігі А.А. Андреев, В.П. Беспалько, И.Е. Вострокнутов, Б.С. Гершунский, В.А. Извозчиков, П.И. Образцов, Е.С. Полат, И.В. Роберт, Т.В. Ежова, О.К. Филатов және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Студенттердің ақпараттық технологияларды қолдануға дайындығын, ақпараттық мәдениетін қалыптастыруды М.П. Лапчик, Е.Ы. Бидайбеков, Т.О. Балықбаев, В.В. Гриншкун, Ж.А. Қараев, Г.Қ. Нургалиева, Л.Л.Босова, С.М.Кенесбаев, Г.У.Сыздықбаева, Б.Т. Барсай, Н.Т.Сартаева және т.б. әр қырынан зерттеген.

Әр түрлі ғылымдар бойынша оқыту үрдісінде компьютерлік технологияны пайдаланудың негізгі мәселелері И.В.Роберт, В.Я.Ляудис, Ш.Х.Құрманалина, А.Х.Аренова, Ж.Ы.Сардарова, С.Т.Мұхамбетжанова, Ж.Ж.Нұржанова, Н.Ф.Даумов, А.Б.Медешова т.б. қарастырған.

1. Алайда, зерттеу барысында студенттерді оқытуда мультимедиялық технологияны пайдалану мәселесі арнайы зерттелмегендігі, сондай-ақ жоғары оқу орнының білім мазмұ-

нында этникалық компоненттер әлеуетінің жеткіліксіз дәрежеде зерттелгені анықталды.

2. Осыдан мультимедиалық технологиялар арқылы этникалық компонентті игерген педагогтерге деген қажеттілік пен студенттер аталған сапаны қалыптастырудың ғылыми-теориялық, тәжірибелік тұрғыдан қамтамасыз етілуінің арасындағы қарама-қайшылықтың бар екені анықталды.

Аталған қарама-қайшылық студенттерді дайындау барысында мультимедиалық технологиялар арқылы этникалық компоненттерді игертудің нақты тәсілін анықтап, әдістемесін жасап, тәжірибеден өткізуге, зерттеу тақырыбын «Жоғары оқу орнының білім мазмұнында этникалық компоненттерді игертудің мультимедиалық технологиялары» деп таңдауға негіз болды.

#### **Зерттеудің мақсаты:**

1. Мультимедиалық технологиялар арқылы студенттерге этникалық компоненттерді игертудің теориялық тұғырын негіздеп, оның жүйесін жасау және оның тиімділігін эксперимент арқылы тексеру.

2. Этникалық компоненттің бірі - өскен орта екеніне ғылыми негіздеме құрып, оны «Жерұйық» түсінігі арқылы мультимедиалық технологиямен тексеру.

**Зерттеудің нысаны:** жоғары оқу орнының білім мазмұнында этникалық компоненттерді игертудің мультимедиалық технологияларын даярлау.

**Зерттеудің пәні:** мультимедиалық технологиялар арқылы студенттерге этникалық компонентті игерту

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** егер, студенттердің технологиялар арқылы этникалық компонентін қалыптастыру үдерісі теориялық тұрғыдан негізделсе, құрылымдық-мазмұндық моделі мен жүйесі әзірленіп, ЖОО тәжірибесіне енсе, онда студенттердің ойлау өнерін өркендетеді. Өйткені студенттер өздерінің іс-әрекетінде мультимедиалық технологияларды тиімді пайдаланады.

Зерттеудің мақсаты ұсынылған болжамды жүзеге асыру үшін келесі негізгі міндеттермен нақтыланды:

1. Мультимедиалық технологиялар

арқылы студенттерге этникалық компоненттерді игертуді теориялық тұрғыда негіздеу.

2. «Мультимедиалық технология» ұғымының мәні мен мазмұнын нақтылау.

3. Мультимедиалық технологиялар арқылы студенттерге этникалық компоненттерді игертудің құрылымдық-мазмұндық моделін жасау.

4. Мультимедиалық технологиялар арқылы жоғары оқу орнының студенттеріне этникалық компонентті игертуді «Жерұйық» видеоконтенті арқылы әдістемесін жасап, тиімділігін эксперименттік жолмен тексеру және ғылыми негізделген ұсыныстар даярлау.

Зерттеудің жетекші идеясы: мультимедиалық технологиялар арқылы студенттерге этникалық компоненттерді игертуге бағытталған жүйе олардың кәсіби сапасын арттыруға, заман талабына сай бәсекеге қабілетті тұлға ретінде дамуына жағдай жасайды.

#### **Зерттеу әдістері**

Зерттеу жұмысында этнопедагогиканың 15 компонентін анықтау барысында әдіснамалық негізін Ван Ден Берге Пьер Луи, В.И.Козлов, А.Гумелев, Ю.В.Бромлей, М.М.Бахтин, В.С.Библер, В.М.Семенов т.б. зерттеушілердің еңбектерінің феноменін саралап, оның мазмұнындағы рухани құндылықтар этнопедагогика компоненттеріне қатысты онтологиялық, гносеологиялық, аксиологиялық шарттары зерделенді.

Мақаланың ішкі мазмұнында жалпы трансформацияланған 15 компоненттің 5-уі зерттеу объектісіне айналды. Олар: территория, мәдениет, таным тағылымы, этностың менталитеті, жеке тұлғаға оның ықпалы.

Зерттеу тақырыбының мәселесі бойынша ғылыми, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге зерттеп отырған мәселеге қатысты баспадан жарық көрген жұмыстар мен теориялық және эксперименттік жұмыс жасау барысында талдау, жинақтау, жекеден жалпыға, жалпыдан жалқыға салыстыру, силлогизм, трансформациялау, тұжырымдау, түйіндеу және тағы басқа әдістерді қолдандық.

Ғылыми жұмыстың экспериментін жүр-

гізуге байланысты әдістер: диагностикалау, бақылау, сауалнама, тест, сұхбат жүргізу. Зерттеу нәтижелерін қорыту барысында: аналитикалық сараптама жасау, эксперименттік мәліметтерді сапалық және сандық тұрғыда сараптау жинақтау әдістері қолданылды. Эксперименттің әр кезеңін ішкі кіші 3 деңгейліктері жіктелді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Жоғары оқу орнының білім мазмұнына енгізуге 4 этникалық компонент ұсынылды;
2. Оларды енгізудің жолы мен мазмұндық құрылымы берілді;
3. Жерұйық ұғымының анықтамасы, «Мәңгілік Ел» болуының қызметі
4. Жерұйыққа лайықты мекендер ашылды

2017-2021 жылдар аралығында «ERTIS» телеарнасы мен «Гүлсара Маликова» ютуб каналында «Жерұйық» деген атаумен Павлодар облысының қасиетті жерлері жайлы бағдарламалар циклі үздіксіз шығып келеді. Хабардың мақсаты – өңірдің соқралды географиясына жататын ерекше, қасиетті нысаналарының сырын ашып, олар жайлы тың мәліметтер тауып көрерменге ұсыну. Бағдарламаның алғашқы түсірілімдері қасиетті мекен, тасын қозғасаң тарихы сайрай жөнелетін Баянауылдан басталып, Аққулы, Тереңкөл, Ақтоғай, Железин, Ертіс, Май, Павлодар т.б. аудандарын қамтыды. Республикалық, облыстық, аудандық соқралды география тізіміне енген, енбей қалған 100 объектінің тарихын саралап, жергілікті ақсақалдардан сұхбат алып, өз көзімен көрген әңгімелерін, ауыздан-ауызға жеткен аңыз-әпсаналарын таспаға түсіріп, оны жүйелеп, монтаждап көрерменге ұсындық.

21-ғасырда адам санасы жаңа қоғам сұранымына қарай өзгеріске түсті. Бұрынғы тұрмыстағы игі тәлім-тағылымдардың игерілу үдерістері цифрлық және білімденудің инновациялық түрлерімен іске асырылуы кезек күттірмейтін мәселе болды. Осы орайда, Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Мәдени өнімдеріміз

тек кітап түрінде емес, әртүрлі мультимедиалық тәсілдермен де шыққаны абзал» [4] деп пәрмен берген болатын. Бұл - «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асырудағы басты міндеттердің бірі. Елбасының осы тұжырымдарын негізге ала отырып диссертацияның экспериментальді бөлімінде соқралды география объектілерін студенттерге және көпшілік көрерменге видеоконтент етіп ұсындық. Жоба этникалық компоненттің бір бөлшегі ретінде сараланды.

«Мультимедиа (*Multimedia*) - компьютерде дыбысты, ақпаратты, тұрақты және қозғалыстағы бейнелерді біріктіріп көрсету үшін жинақталған компьютерлік технология. Мультимедиа термині латын тілінің «multy» (көп) және «media» (орта) деген сөздерінің бірігуінен құралған» [5]. Сондықтан мультимедиалық жүйеге арналған оқулықтарды, ғылыми еңбектерді саралай келе бұл терминге «бейнеақпараттық орта» деген мағына беруге болады. Ақпаратты кешенді түрде бейнелеп, мәліметтерді мәтін, графика, бейне, аудио түрінде шығаруды жүзеге асыратын синтез. Бұл - көлемді ақпаратты есте сақтауға мүмкіндік береді. Яғни, мультимедиа ұғымы - ақпарат түрін жариялау немесе ұсыну үшін әр түрлі құралдарды қолданатын жүйелер немесе объектілер бір уақытта мәтіндерді, суреттерді, аудиоларды интеграциялау үдерісін жүзеге асыру.

Матрица 1. Мультимедианың құрылымы



Мультимедиалық құралды біздер интерактивті технология тұрғысынан қолдану

мақсатын алға бағдар жасаушы нысан ретінде алдық. Зерттеу еңбегіміздегі анықтаған 15 этникалық компоненттің 4-уін, яғни территория, өскен орта, таным тағылымы, этностың менталитеті ұғымын толықтай дерлік ашуға жағдай туғызар субстанция - мультимедиа-лық видеоконтент.

«Видеоконтент» дегеніміз мақсатты аудиторияның қажеттіліктері мен мүдделері үшін жасалған мультимедиалық форматта ұсынылған белгілі бір ақпарат. TNS Web Index зерттеуіне сәйкес, видеоконтент белсенді интернет қолданушыларының 60%-ын қамтиды [6].

Мультимедиалық контент нысанын толыққанды іс-әрекетте қолданудың мәнін – интерактивті тақта арқылы интерактивті технологиямен студенттердің және көрермендердің интериоризациясын диагностикадан өткізуге теориялық негіздерді ұсыну көзделді. Бұл жағдайда, коммуникативтік технологияны студенттер мен көрермендердің қызығушылық уәжін арттыруға түрткі болар семиотика, семантика және синтактика бірліктерін сақтауға маңыз берілді.

Студенттердің этнопедагогика компоненттері жайлы меңгерген біліктіліктерін жүйелеу, олардың ішкі интеллектуалды қор жинаудағы ішкі белсенділіктерінің деңгейліктерін диагностикалау келесі меңгеруге тиісті білім мазмұнын ықтимал жауаптарымен рейтингіге жіктеліп берілетіні ескерілді.

**Матрица 2.** Мультимедиадың артықшылығы



Мультимедиалық контент қолдануда студенттердің ойлау өнерін өркендету үдерісін ілгерілету мәселесін шешуде проблема-лызерттеушілік, ақпараттық, программалық, модульдік технологиялар көмекке келетіні эксперименттен өтті. Оқыту процесінде мәтіндік құрғақ ақпараттан гөрі мультимедиа: деректі фильм - студенттерге нақты және тиімді модель құруға көмектеседі. Мультимедиадың артықшылығы мыналар:

Біз ғылыми жұмысымызға арқау болып отырған мақсатты видеоконтент «Жерұйық» деректі бағдарламасына сүйендік. Жалпы «Жерұйық» концепциясы көне дәуірлерден келе жатқан түсінік деуге негіз бар. ҚР Тұңғыш Президенті, Н.Ә. Назарбаев ұлт жайлы сөз қозғағанда үнемі «халықтың рухын көтеретін жерұйығы» [7] туралы ой тастайды. Аталған ұғымның этимологиясы мифологиялық тұғырнамаға негізделген. «Жерұйық» дегенде біріншіден, құтты мекен ойға оралады. Ол қазақ халқының тарихында Асан қайғының философиясымен тығыз байланысты. Себебі, Асан қайғы жел маясына мініп халқына жерұйық іздейді. «Сонда «жерұйық» дегеніміз қандай жер?» деген сауалға жауап табу – мақаламыздың басты мақсаттарының бірі. Оның арғы төркіні көне түркілердің космогониялық, төтемдік танымымен сабақтас. Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» кітабында: «Бұдан 1,5 мың жыл бұрынғы ғұн нәсілдері – түркілер – Ашина руының түркілері – Ордос алабынан ауған жүнді тайпаларының ежелгі ақсүйек әулиетінен тараған ұрпақтар. Осынау жаңа рухани толқынның тоғысында тұңғыш Түркі қағанаты – Мәңгілік Ел бой көтереді. Бұл үшінші империя жергілікті сақ тайпаларын бұдан арғы мыңжылдықта ғұндардың арынды асау рухының ықпалымен таратып жіберіп, Байкалдан Каспийге дейінгі байтақ өлкені жайлап келген Түркі тайпаларымен біріктіріп, барлығын өз қанатының астына жинаған» [8] – деп атап көрсетуі қазақтың ұлы даласы көне түркі елінің ордалы, киелі шаңырағы екендігін айқындайды. Ал «Жерұйық» концепциясының түп-төркінін сол түркілер заманынан іздеуге осы анықтама негіз. Мәдениеттанушы ғалым Ақтолықын Құлсариева

«Тәуелсіз Қазақстан идеясы – Жерұйық Қазақстан» атты мақаласында: «Біздің ұлттық идеямыз да, ұлттық идеологиямыз да биік азаматтық құндылықтарға негізделген ұлттық келісім рухы негізінде құралып, тәуелсіздік құндылығын ұлықтауы тиіс. Ал сол айтылғандардың барлығын өз бойына сыйдыратын, қысқа да нұсқалығымен бағалы идея «Жерұйық Қазақстан» болмақ» [9] деп түйген.

**Кесте 1.** Асан қайғының қазақ жеріне берген бағасы

Сарыарқаға, Ертіс өзеніне	Қызылтауға	Баянауылға
Мына шіркіннің баласы тойдым деп қарап отырмас, қарным	Тау-тасы кеш болғанда қой болып, ыңыранып жатады екен.	Ат ерін алмайтын жер екен. Бір түней кетемін деген адам, бір жұмаға

Жерұйықты желмаямен іздеген арманшыл Асан қайғының да мақсаты өз еліне малға шүйгін жері бар, жанға жайлы елі бар болашақ құтты қоныс табу болатын. Халқының қамын ойлап күңіренген абыз-жырау «Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» жайлы қоныс іздейді. Елінің тыныш, бейбіт, бақытты

болуын көксейді. Дүниедегі сондай «жерұйықты» іздеп, Асан Қайғы желден жүйрік желмаямен жердің жеті бұрышын кезеді. Болған, көрген мекендерінің бәріне де баға беріп, пайдалы және жағымсыз жағын саралап айтып отырады. «Жерұйықты» таба алмай, әбден қалжырап, Ұлытауға жеткенде дүние салады. Асан қайғының қазақ жерінің әр түкпіріндегі жер-суға берген бағасын төмендегі кестеге түздік.

Асан қайғының саяхаты - жақсы өмірді күткен арман, рухани ұмтылыс. Яғни, «Жерұйық» концепциясына халқы тәуелсіздік құндылығын ұлықтаған құтты қоныс, шөбі шүйгін, ауасы кең, тек тән семіртер тұрғыда ғана жайлы қоныс емес, рухани әлемінде өзіндік жинақтаушы күшке ие құтты, киелі мекен феноменін жатқызамыз.

### Талқылау және нәтижелер

Педагогика адам дамуында қоршаған ортаның, табиғаттың ықпалын мойындайды және оған зор мән береді. Интегративті жүйе ретіндегі жеке тұлғаның қалыптасуына табиғаттың, өскен территориясының әсері орасан. ЖОО білім мазмұны да әр түрлі жаңалықтар, үнемі даму үстіндегі ғылым салаларының метаметодикасы негізінде өзгеріп, толықтырылып отырады. Осы тұрғыда біз анықтаған этникалық

Сурет 1. Құлан әулие үңгірі



компоненттің алғашқы тармағы - территория компонентін ұсынудың мынадай жүйесін ұсынамыз.

Киелі объектілерден жасалған «Жерұйық» атты деректі мультимедиялық өнімнің бірі - табиғаты сұлу, ауасы саф Баянауыл өлкесінің қасиетті жерлерінің бірі – Қызылтауға арналды. Жүсіпбек Аймауытов атындағы ауылдың оңтүстік шығысынан 18 шақырым жерде орналасқан киелі таулар теңіз деңгейінен 1055 метр биіктікте орналасқан. Ең биік нүктесі – әулиелі Қызылтау. Киелі таудың баурайында атақты Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Қадыр Тайшықовтар дүниеге келген. Киелі Қызылтау жайлы аталған дарабоз дарындардың шығармаларында, халық ауыз әдебиетінде көп кездеседі. 18 ғасырдың адуынды жырауы Үмбетей Тілеуұлы: //«Баянауыл-Қызылтау, //Абыралы-Шыңғыстау. //Қозымаңырақ, Қоймаңырақ, // Арасы толған көп қалмақ» [10] деп жырлаған. Киелі Қызылтау тауларының ішіндегі ең атақтысы, жұмбақ сырға толы «Құлан әулие үңгірі». Ол жерді ерте заманда үйір-үйірімен құландар мекендеген екен. Киелі жануар ашаршылық, соғыс жылдарында жоғалып кеткен. «Кеңес үкіметі келіп, таудың бауырына ауыл салып, өзге ұлт өкілдерін қоныстандырып, олар доңыз асырай бастаған соң киіктер бұл маңнан безіп кетті» дейді Жүсіпбек Аймауытов ауылының тұрғыны Бауыржан Нұрғалиев [11].

«Құлан әулие үңгірі» жайлы ел арасында мынадай аңыз бар. Оған құлақ салсақ, бұл үңгірде жер бетін топан су басқан ықылым заманда Қоңыр әулие өмір сүрген. Қоңыр, Қыран, Құлан есімді ағайынды үш жігіт өмір бойы туған халқына жақсылық жасап, үйленуге де мұршалары болмапты. Топан су басқан уақытта олар «салмағы ауыр болып кетіп, халыққа қырсығымыз тиер» деген қауіпшен Нұх пайғамбардың жасаған кемесіне мінбей, екі тақтайды құрап, сонымен суда қалқып жүреді. Олардың осынша қамқорлық жасап, өз бастарын қауіпке тіккеніне мейірімі түскен Жаратқан, су тартылған уақытта ағайынды үш жігітті Баянауыл тауының басына шығарады. Сонда Қоңыр әулие қазіргі Жамбақы жеріндегі тауларды, Қыран Баянтаудың ұшар басын, Құлан Қызылтауды мекен етеді. Олар-

дың үшеуі де тылсым қабілет иелері болған. Қоңыр әулие әркімнің сұраған тілегін беріпті. Қыран әулие жауды күншілік жерден көріп, адам болып хабар беріп, сағым болып жоғалып кетеді екен. Ал Құлан әулие болса, кейде құлан, кейде адам кейпінде көрініп, халықтың малының өсіп-өнуіне жәрдемдеседі. Адам мен табиғат арасындағы тылсым байланыстың, рухани еркіндіктің дәлелі болар - кезінде жоғалып кеткен, аң мен құс бұл күні қайта өруде.

Әулиелі Қызылтау тауларының бауырында Жосалы және Үрпек атты бір-біріне жақын орналасқан ежелгі дәуірден қалған кен орындары бар. Олар Таудың солтүстік шығыс жағындағы жазықтықта ұзындығы 9 км созылған атақты мыс пен алтынның кен орны бар. Мұнда қола дәуірінің әр кезеңінде өндірілген шұңқырлар тізбегі орналасқан.

Жалпы адам баласының қалыптасуына қоршаған орта - табиғаттың ықпалы орасан екендігін бұл күнгі ғылыми педагогикалық зерттеулер дәлелдеп отыр. Табиғатпен, өзін қоршаған территориямен қарым – қатынас, адамның ойлау, есте сақтау, бақылағыштық қасиеттеріне, сана сезімінің жылдам өсіп жетілуіне, түйсігіне оң әсер ететінін педагог-психолог ғалымдардың еңбегі айқындауда. Өйткені, адам табиғи тірі ағзалардың бірі. Сондықтан өзі өскен ортаның құпия, тылсымдарымен етене жақын танысу, қоршаған ортадағы құбылыстарды түсініп қабылдауы әр адамның жеке басына тән физиологиялық, психологиялық, биологиялық тұрғыдағы дамуына әсер етеді. Аталған тұрғыда білім мазмұнындағы этникалық компоненттің бірі территорияға мысал бола алатын тағы бір видеоконтент өнімі «Жұмбақ қыз тасы».



Сурет 2. Жұмбақ қыз тасы

Жүсіпбек Аймауытов ауылының оңтүстік шығысына қарай 26 шақырым жерде, Қызылтау тау сілемдерінде орналасқан тастан қыз бейнесі көрінеді екен. Ол сурет 20-ғасырдың 70-ші жылдарына дейін жылына бір рет, шілде айының басында көрінген. Бұл жұмбақты алғашқы рет 1974 жылы қазақ археологиясының атасы Әлкей Марғұлан ашқан. Сол маңға үлкен қазба жұмыстары жүргізіліп, табылған көне бұйымдар республикалық археологиялық мұражайға тапсырылған. Өкінішке қарай, жергілікті халықтың айтуынша, зерттеу жұмыстары кезінде орнынан қозғалғаннан кейін, тастан қыз бейнесі көрінбейтін болған. Ал ел арасындағы көнекөздерден қыздың бейнесін көрген жандар да бар.

Студенттердің тұлғалық келбетін қалыптастыру үшін ұлт кемеңгерінің ғибратты ғұмырларын мультимедиа арқылы көрсетіп, үлгі, қажетсіну уәж ету. Кемел тұлғаларды визуалдату. Аталаған деректі фильмдерді білім мазмұнына енгізіп, студенттердің ғылыми түйсігіне дарыту мақсаты көзделді. Осы тұрғыда жоғары оқу орнының білім мазмұнындағы этникалық компоненттің бірінші шарты-онтология арқылы әрбір студент өзін-өзі дамытып, өркендете алады. Бұл тұрғыда біз анықтаған 15 компоненттің бірі - тек мәселесін де ататтап өтуге болмайды. Кез-келген кемеңгер тұлғаның арғы аталарында қасиет, құндылықтың болғаны анықталады. Соның бір дәлелі Қызылтауда өмір сүрген Тұяқ қажы Жәменкеұлының зираты. Ерекше тұлғаның жатқан жері де сокралды география тізімінде. Ауылдан 2 жарым шақырым жерде жерленген қажының зираты екі бөлмелі етіп, дөңгелете, ерекше архитекторлық шешіммен салынған. Ішінде киелі жанның құманы мен шалғыға ұқсас аса таяғы сақталған. 19 ғасырда өмір сүрген, Күлік-Данияр руынан шыққан Тұяқ қажы қазақ даласына ислам дінін таратуға белсенді қатысып, зор үлес қосқан тұлға. Өз заманында қажылыққа 4 рет барған. Тұяқ қажы сонымен бірге батыр да болған. Көзі өте өткір, жауымен жекпе-жекке шыққанда көзіне көзі түссе, қарсыласы қолындағы қаруын түсіріп алатын қайратты, қайсар баһадүр болған деседі. Жорыққа аз жауынгермен шық-

са да жауларына алыстан қалың әскер келе жатқандай көрініс береді екен.



Сурет 3. Тұяқ қажы Жәменкеұлының зираты

«Текіден текті туады». Тұяқ Жәменкеұлының ұрпағы атақты композитор Садық Кәрімбаев. Кемелді тұлғаның ұрпағының тағдыры да ерекше. Киелі бабасының ата қонысы Қызылтаудың бауырында 1918 жылы дүниеге келген дарын иесі сәби шағында қос жанарынан бірдей айрылып зағиптыққа шалдыққан.

Жаратқан талант иесін көру қабілетінен айырса да, батыр бабасы Тұяқ қажыдан жеткен мұқалмас жігер мен мықты рух беріпті. Мүгедектігіне қарамастан домбыра мен сырнайда шебер ойнап, ұлтына 100-ден аса өлмес туынды сыйлайды. Ел қамын ойлаған ірі тұлғаның ұрпағы болған сазгер талай таланттың бағын ашып өнер бәйгесіне қосады. Тіпті қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевты елге танытқан да Садық Кәрімбаев екен. Атадан балаға беріліп, қайталанып отыратын талант қуаты - ұлы даланың жазылмаған тектілік заңы. Киесі мен иесі бар қазақтың дархан жерінің қасиеті.

Әулиелі Қызылтаудың табиғаты мен тұлғалары жайлы танымдық бағдарлама ютуб арнасында 600-ге жуық қаралым жинады. Сонымен қатар, жоғары оқу орнының студенттері арасында аталған тақырыпты негізге ала отырып деңгейін анықтау үшін тәжірибе



өткіздік. Анықтаушы кезеңде төмендегідей диагностикалық сауалдар қойылды.

1. Жерұйық сөзінің мағынасы қандай ?
2. Сокралды география тізіміне енген қандай нысаналарды білесіз?
3. Баянауыл өлкесіндегі қандай қасиетті жерлерді атай аласыз?
4. Қызылтауда ұлттың қандай ұлы тұлғалары дүниеге келді?
5. Үмбетей Тілеуұлы шығармашылығында Қызылтауға арналған қандай тұжырымдарды білесіз?
6. Құлан әулие үңгірі жайлы қандай аңыз бар?
7. Қызылтау тауларының бауырында қандай кен орындары бар?
8. «Жұмбақ қыз тасы» туралы не білесіз?
9. Тұяқ қажы Жәменкеұлы кім?

Жоғарыда құрылған диагностика сұрақтарына төмендегідей жауаптардың қорытындысы ұсынылды.

Анықтаушы кезеңнің бастапқы деңгейінде бақылау тобы 9 сұрақтың 40% мүлдем жауап бере алмады, ал эксперимент тобы 22%-ғс жауап берді.

Анықтаушы кезеңнің ортаңғы деңгейінде бақылау тобының 75 студентінің біліктіліктері өздігінен ізденіске түсу үдерісінде аталған 9 сұрақтың 56%-ына дұрыс жауап берсе, эксперимент тобының 75 студентінің 80%-ға ілгерілеуі байқалды.

Анықтаушы кезеңнің соңғы деңгейінде бақылау тобының 75 студентінің біліктіліктері өздігінен зерделеу үдерісінде 9 сұрақтың 62%-на дұрыс жауап берсе, эксперимент тобының 75 студентінің жауаптары 95%-ға траекториясы көтерілді.

Аталған тәжірибеде біз этнопедагогиканың компоненттері: территория, таным-тағылымы, этностың менталитеті, жеке тұлғаға оның ықпалы, ұлттық құралдарды сараптаудан өткіздік. Ол үшін «Жерұйық» бағдарламасында тарихы мен шығу тегі жан-жақты баяндалған Торайғыр мекеніндегі «Әулиебұлақ» бұлағын, «Сәкен жары» тауын, «Қандыағаш» ағашын және Жасыбай көлінің топонимдік, этимологиялық, сокралды қасиеттерін айқындайтын кезекті деректі циклын мәлімет базасы ретінде қолдандық.

Киесі мен иесі бар, құт қонған - Баянауыл аңызға тұнып тұрған жұмбақ мекен. Тастар қалашығы, жайқалған ну орманы мен өзен-көлдері ғажайыпқа толы. Арда табиғаты көз тартар көркемдігімен таң қалдырып, тарихы тереңнен сыр шертетін киелі жердің бірі Торайғыр аймағы. Шыңдары көкке ұмтылған асқарлы таулардың атаулары да тарих жүгін арқалап тұрғандай. Торайғыр тауларының ұзындығы 45, көлденеңі 25 шақырым, жалпы аумағы 60 мың гектар. Қыздың жиған төсегіндей болып тұрған тастардың әр қырынан қарасаңыз, түрлі ғажап фигураларды, мүсіндерді көру мүмкіндігі бар. Оған Найзатас, Кемпіртас, Саймантас тәрізді түрлі табиғи бейнелер дәлел. Солардың бірі Торайғыр тауларындағы «Қырғыш тас» тауы. Шынымен де алыстан да, жақыннан да қарасаң кәдімгі қырғышты көз алдыңа әкеледі. Бұл таудың екінші аты - «Сәкеннің жары». Ақын азап вагонынан қашып, Баянауылдағы нағашы жұртын аз уақыт паналағанда келіп қонған тауы болғандықтан ел арасында осы атауға ие болды.

Аталған таулардың етегінде «Әулие бұлақ» сарқырап ағып жатыр. Бұлақ атаулыға құрметпен қарайтын ұлтымыз «Бұлақ көрсең көзін аш» дейді. Ал оған әулие аты берілуі тегін емес. «Әулие бұлақ» аталуының себебі, судың шипасында. Таудың астынан үздіксіз ағып жатқан бұлақ суының температурасы қысы-жазы бірдей, дәмі ерекше, емдік қасиеті бар. Асқазан, ішек аурулары, аллергиядан құлан таза айықтырады. Үнемі бұл сумен жуынған адамның терісі жақсарып, бетіндегі әжімі жазылады.

Табиғаттың бұл тамашасының жанындағы орманда әлемде өте сирек кездесетін жабысқақ қандыағаш өсіп тұр. Ол - қызыл кітапқа енген ағаш түрі. Дүние жүзі бойынша Қазақстанда және Канадада ғана кездесетін көрінеді. Қанды ағашты кессе ортасынан қан тәрізді қызыл сұйықтық ағады. Бұл мұз дәуірінен бұрын өскен ағаш тұқымы. Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі 60 мың гектардың 20 мың гектары орман алқабы, ал соның 1 жарым мың гектарын қанды ағаш алып жатыр. Қанды ағаш тек таза бұлақтың бойында өседі. Бұл ағаш көне заманнан келе жатқандықтан ата-бабаларымыз тұрмыстық

қажетке жаратып, ыдыс-аяқ жасаған. Қанды ағаштың дәрілік қасиеті де бар. Оның бүршіктерін қайнатып ішсе, түрлі дертке дауа, сондай-ақ бүршіктерінен бал жасауға болады.

Баянауылда үлкен 4 көл бар. Соның бірі - аудан орталығынан жеті километр жердегі Жасыбай. Айналасын көк шыршалы әсем заңғар таулар, шың құздар қоршаған көл айнадай жарқырап жатыр. Көрген кісіге сырлы кең шараның түбіндегі бір тамшы мөлдір су тәрізді естен кетпестей көңілге көрікті көрініс қалдырады. Оның суы тұщы, құрамынан амиак іздері табылған, тереңдігі 14 метр, пішіні алмұрт іспеттес [12]. Көлдің оңтүстік-батыс бөлігінде жартасты арал орналасқан. Оның бұрынғы атауы «Шойын». Ал Жасыбай атануының өз тарихы бар. Көлдің алабы жоңғар шапқыншылығы кезінде Жасыбай батыр басқарған қазақ жасақтарының жау бетін қайтарған тарихи жерлердің бірі болған. Жасыбай Өмірұлы – қазақ-жоңғар соғысы кезінде Сарыарқаны мекен еткен қазақ халқының қамқоршысы, шайқастарда ерлігімен көзге түскен батыр. Руы Арғыннан тараған Бәсентінің ішінде Бесеннен тарайды. Батырдың әкесі Өмір қара қылды қақ жарған әділдігімен аты шыққан би болса, анасы - Қанжығалы руынан шыққан әйгілі Олжабай батырдың қарындасы. Жасыбай батыр ел ішінде мерген және жауырыншы ретінде танымал болған екен.

Жасыбай батыр туралы әңгімелер Шоқан Уәлиханов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Николай Коншин еңбектерінде бар, сондай-ақ Әлкей Марғұлан «Ер Жасыбай» атты тарихи эпос жазды. Николай Коншин 18-ғасырда Баянауыл тауларында болған тарихи уақиғаларды сипаттай келе, мына деректі келтіреді: «Жасыбай Баянауылды мекен еткен қалмақтарды қазақтар ығыстыра бастаған жылдары өмір сүрді. Ол жауларын бірнеше мәрте жер жастандырған белгілі батыр еді. Бірде қазақтардың бас қолбасшысы Олжабай батыр Жасыбай мен оның шағын жасағына қалмақ ханы басқарған мың шақты жау әскерін тау бөктерінде ұстауға тапсырма береді. Жан алысып, жан беріскен сұрапыл ұрыс болды, осы шайқаста Жасыбай батырлығын көр-

сетіп жеңіске жетеді. Алайда қалмақ ханының әдейі жіберген жансызы жауды жеңіп қамсыз тұрған батырдың артынан жасырынып келіп сауытпен жабылмаған желкесінен оқ атып, мерт қылды [13]. Осылайша батырды сол жерге жерлейді. Нөкерлері ел намысы үшін өлген батырдың қабірінің маңына бір уыс қайыңның бүршігін сеуіпті. Сол бүршік шоқ қайың болып Жасыбайдың қабірінің үстінде әлі өсіп тұр. Батырдың өзі өлсе де, аты өлмесін деп көлді Жасыбайдың атына қояды. Зираты әлі күнге Жасыбай жағалауында, Баянауыл ауылынан солтүстік батысқа қарай 5 шақырым қашықтықта орналасқан.

Қазақтың ұлан-ғайыр жерін қанымен, жанын беріп сақтап қалған ұлы тұлғаның аруағына тәу етіп, құран бағыштауға өткен-кеткен халық ағылып келіп жатады. Бұл орын республикалық киелі жерлер тізбесіне енді.

Осындай мультимедиалық контенттен ақпарат алған студент құндылықты танитын дүниетаным мен тағылымдық дәрежеге жету керек. Бұл білім мазмұнындағы этникалық компоненттерді танудың гносеологиялық педагогикалық шарты болып табылады.

Аталған танымдық бағдарлама ютуб арнасында 700 қаралым жинады. Жоғары оқу орнының студенттері арасында эксперименттің қалыптастырушы кезеңінде аталған бағдарламаны талдау арқылы төмендегідей диагностикалық сұрақтар әзірледік.

1. Баянауылда түрлі табиғи бейнелер түріндегі қандай тауларды білесіз? Атаулардың мағынасы қандай?
2. Торайғыр тауларындағы «Қырғыш тастың» екінші атауы қалай? Неліктен олай аталған?
3. Торайғыр тауының етегіндегі қандай бұлақ бар? Оның ерекшелігі неде, қасиеті қандай?
4. Әлемде тек Торайғырда және Канадада ғана өсетін Қанды ағаштың қасиеттерін, ерекшеліктерін тізбектеңіз.
5. Баянауылда неше үлкен көл бар? Оның құрамы, бұрынғы, тарихи атауы жайлы не білесіз?
6. Көлдің Жасыбай атануының себебі жайлы тарихи мәліметтерге талдау жасаңыз

7. Жасыбай батыр туралы не білесіз?
8. Жасыбай батырдың тегін тарқатыңыз
9. Өңірдің соқралды географиясы тізіміне енген Жасыбай батырдың зираты туралы мәліметтер беріңіз.

Қалыптастырушы кезеңнің бастапқы деңгейін жоғарыдағы 7 сұраққа бақылау тобындағы 75 студенттің 75% -і жауап бере алмады. Ал эксперимент тобындағы 75 студенттің 53% жауапты дұрыс жаза алмады.

Қалыптастырушы кезеңнің ортаңғы деңгейінде бақылау тобының 75 студентіне іздендіру бағытта кеңес берілгенімен, біліктілік мүмкіндіктері 27 %-ға дұрыс жауапқа жуықтады. Эксперимент тобында өздігінен жұмыс жүргізу техникасы талапқа сай болғандықтан 42 %-ға дұрыс жауап берілді.

Қалыптастырушы кезеңнің соңғы деңгейінде бақылау тобының 75 студентінің ізденіс үдерісін меңгерулерінің қорытындысында берілген сұрақтардың 31%-ы дұрыс жауапқа жуықтады. Эксперимент тобының 75 студенті өздігінен зерделеу үдерісін меңгеріп, әрбір сұрақтың жауаптарын әдіснамалық негізде әзірлеп, ақиқатқа сыйымды дәлелдер келтіріп, өздігінен құрған тұжырымдар тапсырманы айқындауға орынды қолданылып, жұмыстың 72%-на конструктивті жауап берді.

Бақылаушы кезеңнің бақылау тобының бастапқы деңгейінде 75 студенттің қорытындылау үдерісінде 53% жауап бере алмады, ал эксперимент тобындағы 75 студенттің 32% жауапты дұрыс жаза алмады.

Бақылаушы кезеңнің бақылау тобының ортаңғы деңгейінде 75 студенттің қорытындылау үдерісінде 48 % жауап бере алмады, ал эксперимент тобындағы 75 студенттің 17 % жауапты дұрыс жаза алмады.

Бақылаушы кезеңнің бақылау тобының соңғы деңгейінде 75 студенттің қорытындылау үдерісінде 32 % жауапты дұрыс жаза алмады, ал эксперимент тобындағы 75 студенттің 9 % жауапты дұрыс жаза алмады.

### Қорытынды

Қорыта келгенде, жоғары оқу орнының білім мазмұнын игеруде студенттердің мультимедиялық технологиялар арқылы этникалық компонент жайлы білімдерін өркендету олардың өз саласының қоғамдағы маңыздылығын түйсініп, сол арқылы рухани өсуге бейімделуіне әсер етеді. Оның маңызы орасан. Мультимедиялық технология «Жерұйық» видеоконтенті арқылы болашақ педагогтердің этникалық компонент жайлы білімдерін тереңдетудің теориялық және тәжірибелік нәтижелері төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

1. Мультимедиялық технологиялар арқылы студенттердің этникалық компонент жайлы білімдерін тереңдетуге арналған зерттеу жұмысының көкейкестілігі және оның шешімін табуы тиіс педагогикалық мәселенің бірі ретінде әрі қарай қаузалуды қажет ететіндігі дәлелденді.

2. Зерттеу барысында дайындалған мультимедиялық технология – «Жерұйық» видеоконтентінің мазмұны студенттердің болашақ кәсіби іс-әрекетінде тиімді пайдаланатын әдістемелік жиынтық екені анықталды.

3. Мультимедиялық технологиялар арқылы студенттерде этникалық компоненттерді өркендету моделінің тұжырымдамалық негізі ретінде мазмұндық компоненттері анықталды. «Жерұйық» видеоконтенті арқылы білім мазмұнына этникалық компоненттерді енгізудің құрылымдық-мазмұндық моделінің стратегиялық мақсаты ретінде мультимедиялық технологиялар арқылы студенттердің этникалық компоненттерді игеруі зерделенді.

4. Эксперимент барысында мультимедиялық технология арқылы жоғары оқу орнының білім мазмұнына этникалық компоненттерді енгізудің тиімділігі дәлелденді. Бұл студенттерді шығармашыл, креативтік әлеуетке ие етеді.

Зерттеу қорытындылары бойынша төмендегідей ұсыныстар жасалды:

1. Жоғары оқу орнының білім мазмұнына этникалық компоненттерді мультимедиялық технология арқылы енгізуге көкейкесті мәселе ретінде көңіл бөліп, арнайы оқу бағдарламаларын әзірлеуді мақсатты түрде

жолға қою. Бұл ұсынысты жүзеге асыру болашақ педагогтердің шығармашылық, креативті дамуына мүмкіндік береді.

2. Жоғары оқу орнының білім мазмұнына этникалық компоненттерді мультимедиа-лық технологиялар арқылы енгізуді ақпараттық парадигмаға негіздеу мақсатында қазақ тілінде арнайы видеоконтент жасауды жоғары оқу орындарында тәжірибеге ендіру.

3. Педагогикалық ғылыми журналдарда жоғары оқу орнының білім мазмұнына этникалық компоненттерді мультимедиа-лық технологиялар арқылы енгізудің тәжірибелері мен жаңа ізденістерін бөлісуді ұйымдастыру көзделеді.

4. Жоғары оқу орнының білім мазмұнына аталған зерттеу үшін арнайы дайындалған «Жерұйық» видеоконтентін енгізуді іске асыру.

### Әдебиеттер тізімі

1. Burnet R., Brunstom A., Nilsson G. Perspectives on Multimedia: Communication, Media and Information Technology. – Wiley, 2004. – 250 p.
2. Jacobson S. Transcoding the news: An investigation into multimedia journalism published on nytimes.com 2000–2008. – *New Media & Society* 14 (5): – P. 867-885. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://citeseerx.ist.psu.edu/viewdoc/download?doi=10.1.1.833.2400&rep=rep1&type=pdf> (қолданылған күні: 01.05.2022).
3. Matheson D. Weblogs and the epistemology of the news: Some trends in online journalism // *New Media & Society*. – 2015. – Vol.6 (4). – P. 443-468.
4. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы 2017 жылғы 12 сәуір. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: [https://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy) (қолданылған күні: 01.05.2022).
5. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Информатика және компьютерлік техника / Жалпы редакциясын басқарған – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, А. Қ. Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002 жыл. – 456 б.
6. Что такое видеоконтент? [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <http://test.casevideo.ru/blog/chto-takoe-videokontent.php> (қолданылған күні: 01.05.2022).
7. Н.Ә. Назарбаев «Еуразия жүрегінде». – Алматы: «Жібек жолы», 2010. – 308 б.
8. Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында». – Алматы: «Атамұра», 2003. – 265 б.
9. Ақтолықын Құлсариева «Тәуелсіз Қазақстан идеясы – Жерұйық Қазақстан» мақаласы // Қазақ ұлтынан қазақ еліне. Алматы. Қазақ университеті, 2010. – Б. 178-179.
10. Байділдаев М., Мағауин М. Бес ғасыр жырлайды 1-том. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1984. – 200 б.
11. ЖЕРҰЙЫҚ, БАЯНАУЫЛ - ҚЫЗЫЛТАУ! [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=ja83q0cp5JM> (қолданылған күні: 01.05.2022).
12. Жасыбай (көл) [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: [https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D0%B0%D1%81%D1%8B%D0%B1%D0%B0%D0%B9\\_\(%D0%BA%D3%A9%D0%BB\)](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D0%B0%D1%81%D1%8B%D0%B1%D0%B0%D0%B9_(%D0%BA%D3%A9%D0%BB)) (қолданылған күні: 01.05.2022).
13. Қазақ халқының қаһармандары. Редакторы Жеңіс Марданұлы. – Павлодар: Дауа, 199. – 82 б.

Г.К. Маликова, Е. Жуматаева

Торайғыров университет, Павлодар, Қазақстан

### Мультимедийные технологии освоения этнических компонентов в содержании образования высшего учебного заведения

**Аннотация.** В данной статье рассмотрена проблема мультимедийных технологий, взятых в качестве опорного источника усвоения студентами этнической составляющей в содержании высшего учебного заведения. Дано определение понятия Мультимедиа, видеоконтент. Труды исследователей данной темы были классифицированы. Всесторонне рассмотрен метод мультимедийных технологий, который

используется как средство развития, расширения кругозора подростков, студентов, отдельных простых людей. Определены цели, задачи и сформулирован научный прогноз темы исследования.

Изучено, насколько влияние среды, в которой он вырос, влияет на формирование личности. Были проанализированы научные труды, документальные фильмы, в которых рассматривался феномен сакральных мест. Некоторые были представлены как таблица, матрица, рисунок. Изучена концепция «Жерұйық». Были приведены доказательства того, что он является движущей силой для того, чтобы стать «Мәңгілік Ел».

История объектов, вошедших в общереспубликанский, Павлодарский областной, районный список сокращенной географии, и изображения 70 объектов были представлены студентам, обучающимся по специальности педагогика и психология, и зрителям республики в целом. Это соответствует понятию территории – одному из этнических компонентов, который мы определили в нашей исследовательской работе. Проанализировав исторические, этнонимические, топонимические, антологические особенности данных объектов, мы доказали причину его нахождения в ряду этнических компонентов.

Мы проанализировали, что наиболее эффективным механизмом внедрения этнической составляющей в содержание образования вуза является мультимедийная технология. Ведь видеопроduct сегодня является важнейшим социальным инструментом. Данная система привлекает внимание учащихся и легко усваивает в них этническую составляющую. В этом контексте установлено, что мультимедийный подход оказывает большое влияние не только на студентов вузов, но и на зрителя в целом. Их взгляды расширились благодаря информации, полученной от видеоконтента, повлияли на их сознание и мышление. Он доказал свою практическую работу над студентами и рейтинг программы на канале You Tube «Гульсара Маликова». Было проанализировано, что современные новшества, принесшие новый отклик общество, должны отразиться и внести изменения в сферу педагогической науки.

**Ключевые слова:** этнический компонент; содержание образования; мультимедийные технологии; сокращенная география; видеоконтент; территория; земля.

G. Malikova , Y. Zhumatayeva

*Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan*

### **Ethnic components development in the content of higher education on the basis of multimedia technologies**

**Abstract.** This article examines the problem of multimedia technologies taken as a reference source of students' assimilation of the ethnic component in the content of a higher educational institution. The article presents a definition of the concept of Multimedia, video content. There have been classified works of researchers on this topic in the article. The authors comprehensively considered a method of multimedia technologies, which is used as a means of improving and expanding the horizons of teenagers, students, and individual ordinary people. The goals and objectives are defined and the authors formulated scientific forecast of the research topic.

It has been studied to what extent the influence of the environment in which he grew up affects the formation of personality. There were analyzed scientific works and documentaries. Some of them were presented as a table, matrix, figure. The concept of «Zheruuyk» has been studied by the authors. There was given evidence that it is the driving force to become «Mangilik El».

The history of the objects included in the all-republican, Pavlodar regional, district list of integral geography, and images of 70 objects were presented to students studying in the specialty of pedagogy and psychology, and to the audience of the republic as a whole. This corresponds to the concept of territory – one of the ethnic components that we identified in our research work. Having analyzed the historical, ethnonymic, toponymic, and anthological features of these objects, we proved the reason for its location among the ethnic components.

We have analyzed that the most effective mechanism for introducing the ethnic component into the content of university education is multimedia technology. After all, video products are the most important social tool today. This method attracts the attention of students and easily assimilates the ethnic component in them. In this context, it is established that the multimedia approach has a great impact not only on university students, but also on the viewer as a whole. Their views have expanded thanks to the information received from the video content, influencing their consciousness and thinking. He proved his practical work on students and the

rating of the program on the YouTube channel «Gulsara Malikova». It was analyzed that modern innovations that have brought a new response to society should be reflected and make changes in the field of pedagogical science.

**Keywords:** ethnic component, educational content, multimedia technologies, communal geography, video content, territory, land.

### References

1. Burnet R., Brunstom A., Nilsson G. Perspectives on Multimedia: Communication, Media and Information Technology. (Wiley, 2004, 250 p.).
2. Jacobson S. Transcoding the news: An investigation into multimedia journalism published on nytimes.com 2000–2008 *New Media & Society* 14 (5): 867-885. 01.09.2012. Available at: <https://citeseerx.ist.psu.edu/viewdoc/download?doi=10.1.1.833.2400&rep=rep1&type=pdf> (accessed 01.05.2022).
3. Matheson D. Weblogs and the epistemology of the news: Some trends in online journalism. *New Media & Society*. 2015. Vol.6 (4). P. 443-468.
4. N.Ä. Nazarbaev «Bolaşaqqa baғdar: ruhani jaңғыru» baғdarlamalyq maqalasy 2017 jylǵy 12 säur. Available at: [https://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy) [in Kazakh]. (accessed 01.05.2022).
5. Qazaq tili terminderiniñ salalyq ğylymi túsindirme sózdıǵı: Informatika jáne kompiyterlik tehnika. Jalpy redaktsiasyn basqarǵan – pedagogika ğylymdarynyñ doktory, professor, A. Q. Qūsaiynov. (Almaty, «Mektep», baspasy» JAQ, 2002, 456 p.), [in Kazakh].
6. What is video content? Available at: <http://test.casevideo.ru/blog/chto-takoe-videokontent.php> (accessed 01.05.2022).
7. N.Ä. Nazarbaev «Euraziia jüreginde» (Almaty, «Jibek joly», 2010, 308 p.), [in Kazakh].
8. N.Ä. Nazarbaev «Tarih tolqynynda» (Almaty, «Atamūra», 2003, 265 p.), [in Kazakh].
9. Aqtolqyn Qūsarieva «Täuelsız Qazaqstan ideiasy – Jerüiyq Qazaqstan» maqalasy. Qazaq ūltynan qazaq elne. Almaty. Qazaq universiteti, 2010. P. 178-179, [in Kazakh].
10. Baidildaev M., Maǵauin M. Bes ğasyr jyrlaidy 1-tom. (Almaty, «Jazuşy», 1984, 200 p.), [in Kazakh].
11. ZhERuJYK, BAJaNAUYL - KYZYLTAU! Available at: <https://www.youtube.com/watch?v=ja83q0cp5JM> (accessed 01.05.2022).
12. Zhasybaj (kol). Available at: [https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D0%B0%D1%81%D1%8B%D0%B1%D0%B0%D0%B9\\_\(%D0%BA%D3%A9%D0%BB\)](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D0%B0%D1%81%D1%8B%D0%B1%D0%B0%D0%B9_(%D0%BA%D3%A9%D0%BB)) (accessed 01.05.2022).
13. Qazaq halqynyñ qaharmandary. Redakторы Jeñis Mardanūly [Heroes of the Kazakh people. Editor Denis Mardanovich]. (Pavlodar, Daua, 1991, 82 p.), [in Kazakh].

#### Авторлар туралы мәлімет:

*Маликова Г.К.* – докторант, Торайғыров университет, Павлодар, Қазақстан.

*Жуматаева Е.* – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университет, Павлодар, Қазақстан.

*Malikova G.K.* – Ph.D. student, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan.

*Zhumatayeva Ye.* – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan.